

№ 2 ХАТТАМАСЫ
03.12.2025 жылғы
«№ 44 орта мектеп» КММ
қамқоршылық кеңесі отырысының

Қатысты: ҚК 9 мүшесі

Шақырылды: мектеп директоры – Якушева А.Е., ОТЖ бойынша директор орынбасары Майданевич Н.Ю., ТЖ бойынша директор орынбасары Грозная О.В.

Күн тәртібі:

1. Мектеп директорының білім беру ұйымының қызметі, білім беру қызметтерін ұсыну туралы есебі. (Якушева А.Е.)
2. Әр түрлі

Отырыс барысы:

Бірінші мәселе бойынша «№ 44 орта мектеп» КММ директоры А.Е. Якушеваны тыңдады, ол білім беру ұйымының 1 жартыжылдықтағы қызметі туралы айтты. Мектеп оқушыларды сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамтуға көп көңіл бөледі. Мектепте сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру негізгі құндылықтарды жүзеге асыруға бағытталған.

Осы оқу жылында білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін мектепте 6 үйірме жұмыс істейді: «Көңілді ноталар» - 2 топ, «Оқимыз – ойнаймыз» үйірмесі, «Кітапқұмарлар планетасы», «Ертегілер жолымен» - 2 топ, 3 спорт секциясы: «Шахмат» - 2 топ, «Тоғызқұмалақ».

Барлық үйірмелер мен спорт секциялары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

Жоғарыда аталған үйірмелер мен секцияларды педагогтар, қосымша білім беру педагогтары және дене шынықтыру мұғалімдері жүргізеді. Мектеп шағын ауданында көптеген жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан «Элегия» балалар жасөспірімдер клубын қоспағанда, мәдени - ағарту орталықтары жоқ. «Элегия» БЖК-на білім алушылар қатысады:

«Элегия» БЖК үйірмесі

1. Жас натуралист
2. Сурет салу шеберлігі
3. Футбол
4. Волейбол
5. Тоғызқұмалақ

Сондай-ақ, мектеп базасында, Бүкілқазақстандық Кекушинкай каратэ ұйымының Солтүстік Қазақстан филиалы аптасына үш рет «Кекушинкай каратэ» секциясын ұйымдастырды. Үйірмелердің жұмысы мектептің пәндік

кабинеттерінде, спорт залында санитариялық-гигиеналық нормаларды ескере отырып, тарифтік ведомость және сабақ кестесі негізінде жасалған кесте бойынша қатаң түрде ұйымдастырылады және жүргізіледі. 2025-2026 оқу жылына арналған қосымша сабақтардың бекітілген кестесі бар.

Мектепте агрессивті оқиғаларды талдау бойынша «PROTECTOR AI» жүйесі жұмыс істейді. «PROTECTOR AI» жүйесінің функциясын кеңейту мақсатында білім алушылардың психоэмоционалдық жай-күйін анықтаудың қосымша функциясы енгізілетін болады.

Шешті: мектеп жұмысын қанағаттанарлық деп тану. «PROTECTOR AI» жүйесінде білім алушылардың психоэмоционалдық жай-күйін анықтау бойынша қосымша функцияны енгізуді қолдау.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы Н.В. Васильеваны тыңдап, қамқоршылық кеңес мүшелерін Петропавл қаласы әкімінің жаңа жылдық шыршасына қатысатын әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалардың тізімімен таныстырды.

Шешті: Петропавл қаласы әкімінің балалар шыршасына С. Бусыгина, Э. Қанжығалиева, Р. Моложенко қатысады.

«Қолдап» Дауыс Берді-9

«Қарсы» -0

«Қалыс қалды» -0

Төрайым

Васильева Н.В.

Хатшы

Грозная О.В.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Лукьяненко Светлана Евгеньевна
2. Гребнева Олеся Александровна
3. Любых Юлия Александровна
4. Ломиковская Татьяна Викторовна
5. Гатыч Галина Петровна
6. Раевская Дарья Алексеевна
7. Луценко Светлана Викторовна
8. Агалакова София Владимировна

